

МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ



МОЙЫНҚҰМ
АУДАНДЫҚ
ГАЗЕТИ

№85
(7168)
сейсенбі
18 қараша
2025 жыл

ГАЗЕТ 1965 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП ШЫҒАДЫ

moynqum.kz

moinkum_tani@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ ФОРУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті қауым! Ардақты ағайын!

Ең алдымен, барша ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын деймін. Бұл шын мәнінде, нағыз еңбек адамдарының мейрамы екені сөзсіз. Дикандар, мал шаруашылығы мамандары, шаруалар – бәрі де еліміздің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосуда. Қажырлы еңбектеріңіз үшін Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін.

Ауыл шаруашылығы – экономикамыздың стратегиялық мәні айрықша саласы. Бүгін, міне, ауыл шаруашылығына арналған екінші форумды өткізіп жатырмыз. Алқалы жиынға ауыл-аймақтардан көптеген білікті мамандар арнайы келіп, қатысып отыр. Сондықтан бүгінгі форумды жалпұлттық ауқымдағы басқосу деуге болады. Жаңа сөз сөйлеген азаматтар салмақты ойларын айтты, ұсыныстарды мұқият қарап, міндетті түрде ескеру қажет.

Ауыл шаруашылығы ардайым мемлекет назарында. Президент ретінде мен осы саланың қарқынды дамуына ерекше мән беремін. Халқымыз «Егін ексе – ел тоқ» деп бекер айтапаған. Былтыр біз мол астық алып, соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік. Биыл да күзгі жиын-терін берекелі болды. Дикандарымыз 27 миллион тонна астық жинады. Әр аймақ ел қамбасына мол үлес қосты. Соның ішінде Ақмола облысы ең жоғары көрсеткішке (7,5 миллион тонна) ие болды. Қыркүйек айында егін орағының барысын көру үшін облысқа арнайы барғанымды білесіздер.

Қазір халқымыздың 37 пайызы, яғни 7,5 миллион адам ауылда тұрады. Ауыл – халқымыздың тамыры, рухани қазығы. Бұрын солай болған, болашақта да солай болып қала бермек. Түптеп келгенде, ауыл шаруашылығын дамыту мәселесіне жалпы ауыл-аймақтарды, яғни бүкіл елді дамыту деп қараған жөн. Осы бағытта біз соңғы жылдары ауқымды реформалар жүргізіп жатырмыз. Еліміздің негізгі көрсеткіштері тұрақты. Биылғы он айда экономикамыз 6,4 пайызға өсті. Соның ішінде ауыл шаруашылығы да қарқынды дамуда. Жыл басынан бері осы саладағы негізгі капиталға салынған инвестиция 20 пайыздан астам өсіп, 790 миллиард теңгеге жетті. Ал еңбек өнімділігі үш жылда 37,3 пайызға артты. Қазақстан жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі рейтингі бойынша (Global Food Security Index) 32-ші орында тұр. Бұл – жақсы көрсеткіш. Бірақ бұл маз болып, қол қусырып отыруға болады деген сөз емес. Себебі ашығын айтуымыз керек, біз ауыл шаруашылығының орасан зор әлеуетін әлі де толық қолданбай отырмыз. Еліміз жайылымдық жер аумағы бойынша әлемде 6-шы орын алады. Ал егіс алқабы бойынша 8-ші орында тұр. Демек қолымызда қажетті ресурс бар, тек соны тиімді пайдалануымыз қажет. Соңғы он жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,5 еседен астам өсті, яғни 3,3 триллион теңгеден 8,3 триллион теңгеге дейін көбейді. 2030 жылға дейін бұл көрсеткішті тағы 2 есе арттыруымыз керек. Бұл – біздің қолымыздан келетін шаруа.

Ұлттық даму жоспарымыз бар, мақсат-міндеттеріміз де – айқын. Бізге керегі – сапалы жұмыс пен нақты нәтиже. Сол себепті алдымен ауыл шаруашылығын дамыту үшін ерекше назар аударатын өзекті мәселелерге тоқталып өткім келеді.

БІРІНШІ. Мал шаруашылығының әлеуетін барынша пайдалану қажет. Біз бұған дейін егін шаруашылығын дамыту бағытында біраз жұмыс жүргіздік, жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Енді мал шаруашылығына баса мән беруіміз керек. Байтақ даламыздың барлық аймағында жыл он екі ай бойы мал бауға болады. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану қажет. Өрине, малды бағып, өсіру, оның санын көбейту – оңай шаруа емес, өте күрделі жұмыс. Мемлекет тиісті қолдау көрсетеді. Қазір нақты қаржыландыру тетіктері бар: жайылымдарды сумен қамтамасыз етуге, мал бордақлайтын орын салуға және асыл тұқымды мал алуға мемлекеттен субсидия беріліп жатыр. Бытырдың өзінде осы мақсатқа 60 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Сондай-ақ шаруашылығын кеңейткен деген кәсіп иелеріне жеңілдікпен несие алуға мүмкіндік бар.

Жолдауда мал шаруашылығы саласындағы агробизнесі қолдау жоспарын әзірлеуді тапсырдым. Мақсат – мал басын еселеу. Сол арқылы Қазақстанның халықаралық нарыққа ең жеткізуге ірі ел ретіндегі мәртебесін бекіте аламыз. Бұл мұратқа жету үшін мал шаруашылығын дамытуға оңтайлы жағдай жасау қажет. Ет бағытындағы мал шаруашылығының жүйелі өндірістің циклін енгізу жұмыстарын жалғастырамын және жайылымдық жерлерді тиімді әрі ауыстырып пайдалану тәсіліне баса мән берген дұрыс.

Ветеринария саласындағы жағдай мәз емес екенін мойындау қажет. Ең алдымен, бұл саланы материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету керек. Мал дәрігерлерінің еңбек жағдайын жақсарту қажет, ветеринар мамандарды ынталандыру шараларын қарастырамын. Ветеринария саласының инфрақұрылымын күшейтуге қатысты жұмысты тиімді түрде жалғастыру керек.

ЕКІНШІ. Бұл – жер мәселесі. Халық жердің игілігін көруі



керек. Мен бірнеше жыл бұрын заңсыз алынған және игерілмей бос жатқан жерлерді қайтарып алу туралы нақты тапсырма бердім. Бүгін осы мәселе бойынша министр баяндады. 2022 жылдан бері 14 миллион гектардан астам ауыл шаруашылығы жері мемлекетке қайтарылды. Жерді қолынан іс келетін, жұмыс істеуге ниетті азаматтарға беру керек деген тапсырма бірнеше рет айтылды. Алайда, бұл маңызды жұмыс баяу жүргізіліп жатыр. Сондықтан Жолдауда мемлекетке қайтарылған жерді келесі жылдың ортасына дейін түгелдей тұрақты айналымға енгізу туралы тапсырма берілді. Әкімдіктердің осы мәселеге қатысты жоспарлары қағаз жүзінде қалып қоймауы керек. Ең бастысы, жер тағы да игерілмей, бос қалмауы қажет.

Үкімет қазір мал шаруашылығы саласындағы бизнесті қолдау жоспарын әзірлеп жатыр. Жайылымдық жерлер ауыл тұрғындарына және нақты жоспары бар инвесторларға берілуі тиіс. Келесі жылдың ортасында қабылданатын бұл құжатта осы мәселенің шешімдері айқын көрсетілуі керек. Тағы бір түйткіл – жерге берілетін кепілдік құнын төмен болуы. Кадастрлық бағалау жүйесі қазіргі нарықтағы шынайы ахуалға мүлдем сәйкес келмейді. Үкімет бұл мәселеге назар аударуы керек, кадастрлық құнды айқындау тәсілін қайта қарауға тиіс. Жер қатынастары саласындағы кедергілер қазіргі заманға сай шаруашылықтар құруға бөгет болып отыр. Мен Жолдауымда Үкіметке келесі жылдың соңына дейін Жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеуді тапсырдым. Құзырлы министрліктер осы маңызды жұмыс бойынша не істеліп жатқанын 7 күннің ішінде баяндауы керек.

Келесі мәселе. Жер телімдері электронды конюнкс арқылы берілуі қажет. Жер алған азаматтардың ең басты міндеті – жерді тиімді игеру, яғни, берілген жерді қадеге жарату. Бұған қоса, жер ресурстарына мониторинг жүргізу тәсілдерін қайта қарау қажет. Қазір ауыл шаруашылығы жерлеріне қатысты деректер толық емес. Мұндай ахуал жерге бақылау жасауға және игерілмей бос жатқан жерлерді қайтарып алуға кедергі келтіреді. Жерді бөліп-тарту үдерісі бойынша ақпарат ашық әрі қолжетімді болуы қажет.

ҮШІНШІ. Су тиімділігін арттырып, ирригациялық желілерді жаңғырту керек. Су қоймаларының шамамен 60 пайызы ауыл шаруашылығы еңшісінде. Аграрлық салада суды тиімді пайдалану, сайып келгенде, елдік бүкіл су қожығының тұрақтылығына әсер ететін факторға айналып отыр. Агротекторда заманауи су үнемдеу технологияларын енгізіліп, суды көп қажет ететін дақылдар алқабы азайтылуда. Бұл үлкен жұмыстың басы ғана. Сарапшылардың есебінен, алдағы үш жылда су үнемдеуі технологиялар кемінде бір миллион гектарды қамтитын деңгейге жетеді. Цифрлық шешімдерді енгізу және жобаларды жүзеге асырудың барлық кезеңін қатаң бақылауға алу арқылы су инфрақұрылымын жаңғыртуды жеделдеткен жөн. Су шаруашылығын жаңғырту бойынша жұмыс жеткілікті, алайда бұл ауыл шаруашылығы саласын дамыту жоспарымен өзара байланысты болуға тиіс.

Біздің ведомстволар түрлі жоспарлар мен жол карталарын әзірлеумен әуестеніп кетті. Тіпті, оның көбі өз араларында келіспейді, жүрдім-бардым жасалады. Мұндайды доғару керек.

Мемлекет жұмсаған әр тиынның қайтарымы болуға тиіс. Бұл даусыз. Қаржыны заманауи су пайдалану технологияларын белсенді қолданатын өңірлерге беру қажет. Сондықтан Ауыл шаруашылығы өндірісінің өңірлік жоспары Үкімет әзірлеп жатқан Су ресурстарын басқару жөніндегі бас жоспарына енгізілуі тиіс.

ТӨРТІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру тәсілдерін жетілдіру керек. Биыл ауыл шаруашылығына арналған жеңілдетілген несие көлемі ел тарихында алғаш рет 1 триллион теңгеден асты. Бұл – осындай 5 жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда 10 есе артық көрсеткіш. Несие қолжетімді болуы үшін банктерге құзырлы мекеме тарапынан кепілдік беру тәсілі енгізілді. Биыл «Даму» қоры 1300 несиеге кепілдік берді. Сөйтіп несие алуға мүмкі жеткілісіз көптеген шаруаның, әсіресе, шағын және орта деңгейдегі фермерлердің мәселесі оң шешімін тапты.

Елімізде өндірілетін техника жеңілдікпен лизингпен беріле бастады. Бұл әбден ескірген техниканы жаңартуға арналған өте тиімді шешім болды. Төрт жыл бұрын ауыл шаруашылығы техникаларының 90 пайызы тозып тұрған еді. Бұл көрсеткіш биыл 70 пайызға дейін төмендеді. Осы бағыттағы жұмысты бизнес өкілдерімен бірлесіп, әрі қарай жалғастыру қажет. Қазір шаруалар алып жатқан техниканың 90 пайызы Қазақстанда шығарылған. Еліміздегі 10 ауылға осындай 19 түрлі техника құрастырылады. Олардың қатарында әлемге танымал брендтер бар. Жақында Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапарым кезінде John Deere компаниясымен бірге құны 2,5 миллиард доллар болатын стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Соған сәйкес алдағы бес жылда елімізде 3 мыңға жуық заманауи техника шығарылады.

БЕСІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенін цифрландырумен нақты айналысқан жөн. Өздеріңізге мәлім, жаппай цифрландыру және барлық салаға жасанды интеллект технологиясын енгізу Жолдауымда басты міндет ретінде аталды. Ауыл шаруашылығы үшін мұның мәні өте зор. Себебі жаңа технологиялар шығынды айтарлықтай азайтып, өнімділікті ұлғайтуға мүмкіндік береді. Ақмола облысында өткен кенесте жиналған өнімді тиісінше сақтау және шығынды мейлінше азайту шараларын қамтамасыз етуді тапсырдым. Еліміздегі көптеген шаруа қожалығының қаржылық тұрақтылығы осыған байланысты.

Алдымызда цифрлық технологиялар және жасанды интеллект элементтерінің көмегімен мемлекеттің бидай қорын есепке алатын және бақылайтын тиімді жүйе құру міндеті тұр. Ол үшін қолданылатын астық қамбаларын жаңғыртып, заманауи элеваторлар салу қажет. Бидайды қабылдауды және жөнелуді есепке алатын электрондық жүйенің болуы жеке элеваторлар құрылысын қаржыландыру бағдарламасының

міндетті бір шарты болуға тиіс.

Бүгінде көптеген шаруалар технологиялық жаңашылдықты («сарт-ферма, агродрон, жер серігі технологиясы және ЖИ») белсенді қолдана бастады. Бірақ жалпы ел көлемінде қандай да бір жүйелі өзгерістер болып жатыр деп айтуға әлі ерте. Жекелеген «ақылды» шешімдерден толық цифрландырылған агроөндіріске көшу керек. Әрбір шаруашылық цифрлық технологияларды пайдалануға ниетті болғаны жөн. Мемлекеттік қолдау өндіріске инновацияны, соның ішінде жасанды интеллект технологияларын енгізіп жатқан кәсіпорындарға берілуі қажет. Агроөнеркәсіп кешеніндегі ақпараттық жүйелерді оңтайландыруды жалғастырамын дұрыс. Қазір олардың арасында байланыс мүлде жоқ деуге болады. Көп жағдайда шешімдер қате статистика негізінде қабылданады. Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының нәтижесі саладағы нақты жағдайды көрсетуге тиіс. Жинақталған мәліметтер агросектордағы цифрлық жүйелерді одан әрі дамыту мен жаңғыртуға негіз болады.

Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, салалық ақпараттық жүйелерді интеграциялауды, сондай-ақ мәліметтер сапасын тұрақты түрде бақылауға алуы керек. Электронды агроөнеркәсіп кешені платформасының базасында саланы кешенді басқаруға ықпал ететін ауыл шаруашылығы мәліметтерінің бірыңғай архитектурасын қалыптастырамын дұрыс.

АЛТЫНШЫ. Терең өңделген өнім шығаруға басымдық беру қажет. Еліміздегі агроөнеркәсіп кешені көбіне шикізат шығарумен шектеліп отыр. Мұны ашық айтқан жөн. Ауыл шаруашылығын жоғары технологияға негізделген озық сала ретінде дамыту – маңызды міндет. 2023 жылы агроөнеркәсіптегі өңделген өнімнің үлесі небәрі 35 пайыз еді. Ал биыл 50 пайыз болды. Келесі жылы 70 пайызға толық жетуі керек. Қазір бұл салаға шетел инвесторларын тарту жұмысын тездету қажет. Тиісті жобалар аса емес, олардың бірнешеуімен жиын алдында таныстып, бірақ бір жерде тоқтап қалуға болмайды.

Агроөнеркәсіп кешенінің басты бағыттары бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қажет. Аса маңызды міндеттің бірі – жеке инвестиция тарту жұмысы. Әсіресе, озық технологиясы бар шетел инвесторларын елге әкеліп, оларға қолайлы жағдай жасау қажет. Жолдауда «Инвестицияға тапсырыс» өндірістің сұранысына сай болуы керек деп айттым. Үкімет агроөнеркәсіп кешеніне қатысты 200-ден астам инвестициялық жобаның тізімін жасады. Жалпы құны шамамен 4 триллион теңге (үш жылда) болатын бұл жобалар 12 бағыт бойынша жасалған. Енді осы жобаларға барлық деңгейде қолдау көрсетілуі керек, яғни орталық та, аймақтар да осы жұмысқа белсенді түрде қатысуы керек. Жобалардың қанша және қалай жүзеге асырылатынын мұқият ойластырған жөн. Әкімдіктер және министрліктер жедел әрі үйлесімді жұмыс істеуі қажет.

ЖЕТІНШІ. Өнімдерімізді халықаралық нарыққа көптеп шығаруымыз керек. Еліміз астық экспорты бойынша әлемдегі жетекші 10 мемлекеттің қатарына кіреді. Сонымен қатар үн экспорттау ісінде көш бастап тұр. Қазақстан астығы Орталық Азия, Иран, Ауғанстан елдері секілді дәстүрлі нарықтармен қатар Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Солтүстік Африкаға, атап айтқанда, Бельгия, Португалия, Норвегия, Ұлыбритания, Вьетнам, Марокко, Алжир мемлекеттеріне де жеткізіле бастады. Бұл біздің астық экспорты географиясының кеңейіп келе жатқанын көрсетеді. Еліміз майлы дақылдар мен өсімдік майын да көптеп сыртқа шығара бастады. Өткен жылы біз халықаралық нарыққа 18 мың тоннаға жуық қой етін шығарып, осы сала бойынша 10 озық мемлекеттің қатарына ендік. Дегенмен әлеуетіміз бұдан да мол.

Жалпы, агроөнеркәсіп кешені өнімдерінің экспорты 5 миллиард доллардан асады. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің 200-ден астам түрі 70 мемлекетке экспортталады. Агроөнеркәсіп кешеніндегі әлеуетіміз бұл көрсеткіштен әлдеқайда жоғары. Оның үстіне әлемде экологиялық тұрғыдан таза азық-түлік өнімдеріне сұраным артып келеді. Сондықтан стратегия дұрыс түзілсе, «Qazaq Organicfood» бренді халықаралық нарыққа лайықты орын алады. Елімізде органикалық өнімдер шығару стандарттары бекітілді. Осы бағыттағы жүйелі жұмысты жалғастыру қажет. Брендтерімізді кеңінен насихаттауға барынша қолдау көрсету – салалық құрылымдар мен елшіліктердің міндеті. Сарапшылардың болжауынша, алдағы 10 жылда әлемде мал етіне сұраным 233 миллион тоннаға дейін ұлғаяуы мүмкін. Қазақстан еттің осы түрін экспорттаушы ірі елдердің бірі бола алады. Алғашқы кезекте Азия елдерін қамтамасыз етуіміз керек. Қой етін экспорттауда еліміз Монғолия, Нидерланд, Испания және Франция сияқты мемлекеттерден кейінгі орында тұр. Бірақ

(Жалғасы 2-бетте)

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

АУДАН ӘКІМІ ТҮРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Өткен аптада аудан әкімдігінің ғимаратында аудан әкімі Карентаев Ермек Амангелдіұлы азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, олардың ұсыныс-тілектерін тыңдады. Қоғамдық қабылдауға алдын ала жазылған тұрғындар келіп, өздерін толғандырған мәселелерін еркін форматта жеткізді.

Қабылдау барысында аудан тұрғындары негізінен тұрғын үй мәселесі, әлеуметтік көмек алу тәртібі, жер телімдеріне қатысты сұрақтар, елді мекендердегі ауыз су мәселесі, сондай-ақ жол жөндеуге байланысты өтініштерін көтерді. Әрбір сауал заң талаптарына сәйкес жан-жақты қаралып, түсініктемелер мен нақты шешу жолдары түсіндірілді.

Аудан әкімі көтерілген әр мәселе бойынша жауапты бөлім басшыларына, ауыл әкімдеріне нақты тапсырмалар жүктеп, олардың орындалу барысы тікелей жеке бақылауында болатынын атап өтті. Бұл тұрғындармен ашық



диалог орнатудың, мәселелерді жедел шешудің және жергілікті атқарушы орган жұмысының тиімділігін арттырудың маңызды тетігі болып отыр.

Қабылдауға аудан әкімінің орынбасары Әлібек Нұрадинов, ауыл әкімдері және тиісті бөлім басшылары қатысып, өз құзыреті аясында түсініктемелер берді.

Айдос ҚОСЫБАЙ,
«Мойынқұм таңы».
Суретті түсірген автор.

ТАҒАЙЫНДАУ

Исабеков Бәкір Әміреқұлулы «Мансап» орталығының басшысы болып тағайындалды. «Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының» Еңбек мобилдігі орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Әлібеков Серік Айдарұлы ауданға арнайы келіп, «Мансап» орталығы филиалының директоры қызметіне Исабеков Бәкір Әміреқұлулы тағайындалды.



Ол 1970 жылы 6 желтоқсанда Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ, Білімі жоғары.

2014 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетін «есеп және аудит», 2016 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін «орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1998 жылы «Үркер» шаруа қожалығының жетекшісі болып бастаған. 2015-2018 жылдары «Мойынқұм кредиттік серіктестігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқарма төрағасы, 2018-2020 жылдары Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Бұрыл-Байтап ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің директоры, 2020-2021 жылдары Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Мойынқұм ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің директоры, 2022 жылы «Үркер» шаруа қожалығының жетекшісі қызметтерін атқарған.

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Мойынқұм ауданы Қылышбай ауылдық округінің әкімі қызметін осы күнге дейін атқарды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ ФОРУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

бізде жайылымдық жер жеткілікті. Қой шаруашылығының экспорттық әлеуетін толық таныту үшін жағдай жасау қажет.

Жолдауда аграрлық экспорты дамытудың жоспарын әзірлеу жөнінде міндет жүктедім. Бұл құжат логистиканы, ветеринариялық және фитосанитариялық стандарттарды, сондай-ақ сауатты маркетингтік стратегияны ескере отырып дайындалуы керек. Мәселен, Парсы шығанағы елдері біздің ет өнімдерін жыл бойы тасымалдауға ниетті. Бірақ бізде ауыл шаруашылығы өнімдерін әуе көлігімен тасымалдау ісі дұрыс үйлестірілмеген әрі тиісті деңгейде реттелмеген. Көп жағдайда кәсіпкерлер жүкті жеткізу мәселесін өздері шешуге мәжбүр. Бүгін маған тұрақты рейстермен Әмірліктерге ет жеткізіле бастағаны жөнінде мәлімет берілді. Бұл тәжірибені аса дұрыс деп айта алмаймыз. Сонымен қатар Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды, Ақтау әуежайлары логистикасы дамыған әрі халықаралық әуе бағыттарымен интеграцияланған өңірлік хабқа айнала алады. Оларға арнайы экономикалық аймақтар аясында артықшылықтар берілген. Әуежайлардың толық қуатында жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы өнімдерін сыртқы нарыққа үздіксіз жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл мәселені Үкімет жан-жақты пысықтауы керек.

Соңғы кездері ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерден жұмыс күші жетіспейтіні жөнінде көп өтініш түсіп жатыр. Бұл түйткіл, әсіресе, егін егу, жиын-терін науқанында, өндірісті кеңейту немесе жаңа нысандар құрылысы кезінде қатты сезіледі. Маман тапшылығы көршілес елдерден келетін еңбек мигранттары есебінен ішінара шешіледі. Шаруалар жұмыс көбейтуді сұрайды. Олардың талабын ішінара орындауға болатын шығар. Бұл өзі қызық жағдай: бірі ауылда жұмыс жоқ десе, енді бірі жұмысшы жетіспейді деп шағымданады. Әрине, жұмыс бар, бірақ онымен шұғылданатын адам аз. Мұны мойындау керек.

Тағы да қайталап айтқым келеді: ауыл шаруашылығы дамыса, ең алдымен ауылдың жағдайы жақсарды. Мемлекет ауыл-аймақтарды көркейту үшін көптеген жобаларды қолға алды. Инфрақұрылым салудан бастап, ауылға білікті маман тарту мәселесіне дейін ауқымды жұмыс жүргізілуде. 2019 жылдан бері «Ауыл – ел бесігі» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба аясында ауыл инфрақұрылымын дамытуға 700 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Бүкіл ел бойынша 2,5 мыңнан аса елді мекенде нақты жұмыс атқарылды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 600-ден астам бірлестік құрылды. Үкімет биыл аймақтарды дамыту туралы арнайы тұжырымдама қабылдады. Соған сәйкес аудан әкімдерінің құзыры кеңейді. Енді олар ауданды дамыту жоспарын өз деңгейінде, дербес әзірлеп, жүзеге асыра алады.

Әкімдер ірі компаниялармен келісім жасап, бірлескен шаруашылықтардың (кооперативтердің) өнімін өткізуге көмектесуі қажет. Жалпы, ауылға жеке инвестиция тарту өте маңызды. Бұл жұмысқа бизнес өкілдері белсене атсалысуы керек. Табысқа жеткен әрбір кәсіпкер өз ауыл-аймағының өркендеуіне үлес қосып, қаржы салса, еліміздегі көптеген елді мекен көркейе түсері анық.

Еңбекқор, мақсаты айқын азаматтарымыз күнделікті маңдай терімен ұлттық байлығымызды еселеп, ел келешегінің жарқын болуына аянбай үлес қосуда. Мұндай іспен айналысып жатқан адамдарға қолайлы жағдай жасап, еліміздің шынайы патриоттарын ынталандырып отыру керек. Біз бұл шаруаны назардан тыс қалдырмаймыз.

Кәдірлі қауым!
Біз Жұмысшы мамандықтары жылында еңбек адамдарына айрықша құрмет көрсетіп жатырмыз. Нағыз еңбек, қайнаған тірлік ауылда, ауыл шаруашылығында екені сөзсіз. Өз ісіне тиянақты, жауапкершілігі жоғары, адал азаматтар қашанда табысқа жетеді. Былтыр мемлекеттік марапаттар жүйесіне «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағы енгізілді. Еліміздің ауыл шаруашылығы саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін 9 азаматқа бұғи алғаш рет осы құрметті атақты тапсырамыз.

Бүгін ортамызда Ақтөбе облысынан келген Аманғос Төлеуов деген азамат отыр. Ол басқарып отырған кәсіпорын ауыл шаруашылығында зор табысқа жетіп, аймақ тұрғындарын сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етіп келеді. Мен еліміздің агроөнеркәсіп саласын дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін Аманғос Сансызбайұлы ТӨЛЕУОВКЕ «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойдым.

Жақында Республика күні қарсаңында қырық бес жылдық тәжірибесі бар механизматор Мурат Қарақұманов та Еңбек Ері атағын алды. Ауыл шаруашылығы саласы мамандарының ең жоғары мемлекеттік марапатқа ие болуы – заңды құбылыс. Себебі, бұл – халқымыздың нағыз еңбек адамына көрсетіп жатқан зор құрметі және шынайы ықыласы.

Марапаттарыңыз құтты болсын!

AKORDA.KZ.

ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Өткен аптада Қылышбай ауылындағы Ә.Төлепбергенов атындағы орта мектебінде еңбегімен елге танылған Ә.Төлепбергеновтің 100 жылдық мерейтойына орай ұрпақтарының демеушілігімен музей бөлмесінің ашылу рәсімі болды. Оған аудан әкімінің орынбасары Мейірхан Төлеулиев, аудандық білім бөлімінің басшысы Мәлік Мұқашев, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Манарбек Көшкімбаев, «Тараз» үштігінің жетекшісі, ауданымыздың Құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асылхан Шүңіреков, ауданның Құрметті азаматтары Шахикерім Исабеков, Мұратхан Естаев, ауыл тұрғындары, ұстаздар, Ә.Төлепбергеновтің жары Тілеуқұл апай, ағайындары, құда-жекжаттары, ұлдары-қыздары, немере, шөберелері, мектеп оқушылары қатысты.

Музей бөлмесінің лентасын кию рәсімін Тілеуқұл апай, құдасы Елубай Батырбеков, аудан әкімінің орынбасары Мейірхан Төлеулиев, аудандық білім бөлімінің басшысы Мәлік Мұқашев жасады. Содан соң рәсімге жиналған көпшілік музей бөлмесіне қойылған Әлтай Төлепбергеновтің өмірі мен еңбегіне арналған құнды деректер, еңбек жолынан сыр шертетін фотоматериалдар, жәдігерлермен танысты. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың шәкірті, қарапайым еңбегімен елге танылған, Ленин және екі мәрте Еңбек Қызыл ту орденінің иегері, атақты шопан Әлтай Төлепбергенұлы 1925 жылдың 16 қыркүйегінде Қылышбай ауылының батыс жағындағы Бөшен деген жерде дүниеге келген. Әкесі Төлепберген жастайынан мал баққан орта шаруа момын кісі болғанымен, бір айтарлығы бар ауылдың сыйлы кісісі болған. «Ат тұғыын тай басар» демекші әке ісін

жалғастырушы Әлтай 12 жасынан туған өлкесі Мойынқұм өңірінде шопан болып еңбек жолын бастайды. Ол өзіне бекітілген малдың 98 пайызын аман сақтап, әр 100 аналық бастан 150-170-тен қозы алып, 3,9 килограм жүн қырқып, өткізілген қаракөл елтірісінің бірінші сорттылығын 75 пайызға жеткізген. Осындай еңбегі үшін екі рет 1973 және 1977 жылдары «Еңбек Қызыл ту», 1982 жылы «Ленин» ордендерімен марапатталған. «Ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген қызметкері» деген атаққа ие болып, Бүкілодақтық Халық шаруашылығы көрмесінің қола, күміс, алтын медальдарымен, аудандық, облыстық, республикалық, бүкілодақтық деңгейдегі бірнеше рет Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталған. Ауданымыздың есеіі мен өркендеуі жолындағы іс-тәжірибесін баяндайтын «Мойынқұмда жайлауым» атты кітаптың авторы. Еңбек майталманы Әлтай атаның адал жары Тілеуқұл апай

бүгінде 10 балаға тәлім-тәрбие берген ардақты ана ретінде тұнба ұяға, қызын қияға қондырып, үлкен бақытқа кенелген жанұя тірегі, зейнеткер ана. Әлтай Төлепбергенұлы 1991 жылы қайтыс болды. Ардақты азаматтың еңбек пен істерін кейінгі қалған ұрпақтарға мақтан етіп, мәңгілікке есте қалу мақсатымен Қылышбай ауылындағы бір көшеге және ауылдағы мектепке есімін берген. Музейдің ашылу сәтінде сөз алған аудан әкімінің орынбасары Мейірхан Төлеулиев «Бүгін біз еңбекпен елге үлгі болған, Мойынқұмның мәртебесін көтерген ардақты азамат – Әлтай Төлепбергенұлының 100 жылдық мерейтойына жиналып отырмыз. Бұл – баршамыз үшін ерекше күн. Әлтай ағамыздың өміржолы жас ұрпаққа өнеге, ол адал еңбек пен табандылықтың символы болды. Шопандықты жанының ісі етіп, қажырлы еңбегімен биік дәрежеге жетті. Осындай тұлғалардың өмірі – біздің елдің тарихы, ауылдың абыройы.

Бүгін мектеп жанындағы мұражай бөлмесінің жаңартылып, еңбек адамының өмірін насихаттайтын орынға айналуы – үлкен қуаныш. Бұл жас ұрпақтың бойына еңбекқорлық пен отансүйгіштік қасиеттерін дарытатыны сөзсіз. Еңбегімен елге үлгі болған Әлтай ағамыздың есімі ұмытылмай, мәңгі құрметпен атала жасай берсін! деді.

Содан кейін сөз алған ауданның Құрметті азаматы Мұратхан Естаев, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Манарбек Көшкімбаев, ауданның Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер, «Тараз» үштігінің жетекшісі Асылхан Шүңіреков, атаның құдасы Әлшері Мәмешов, Қылышбай ауылының

ардагерлері, мектеп жанындағы қам-қоршылар кеңестерінің төрағасы Бодаубек Жүндібаев, мектеп ұстаздары Света Сакиева, Перизат Шуылдақова Әлтай ағаның жары Тілеуқұл апа мен ұлы Балтабай Төлепбергенов сөз алып, Әлтай ағаның өмір сүрген кезеңдерінен естеліктер айтты.

Содан соң іс-шара «Еңбекпен өткен өмір – ұрпаққа өнеге» атты іс-шараға жалғасты. Мұнда мектептің ән-күй пәнінің мұғалімі Нұрболат Манарбекұлы Шикетаевтың басқаруындағы «Алмас қылыш» ансамблінің орындауындағы «Әлқиса», Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйлеріне, Әйгерім Елеубектің орындауында «Анамның ақжаулығы», Ұлжан Әбдіманованың орындауындағы «Әке», Нұрболат Шикетаев пен Данышпан Иетаеваның орындауындағы «Уақыт» әндеріне, мектептің жас ұстаздары қойған тәуелсіздік композициясына, 5-6 сынып оқушылары үш тілде шырқаған «Арманға сен» әніне, «Еңбек ері Әлтай ата» көрінісіне (рөлдерді ойнағандар: Әлтай ата – Нұрболат Шикетаев, апай – Шакира Сүлейменова, немересі Кәрібай Нұрмұқасан, досы – Әзімқұл Дәрмен), Әлтай атаға арнаған арнау өлеңдерін оқыған мектеп ұстаздарына мерейтойлық іс-шараға жиналған қауым ыстық ықыласпен қол соғып, қошемет көрсетті. Содан соң «Мақтаныштар шеруі» бөлігінде мектеп оқушыларының түрлі байқаулар мен олимпиадаларында жеткен жетістіктері көпшіліктің назарына ұсынылды. Түс мезгілінде аудан орталығындағы «Бақсарай» мейрамханасында ас беріліп, марқұм Әлтай Төлепбергеновтың рухына құран бағышталды.

Даңқты шопан Әлтай Төлепбергеновтің 100 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шара түстен кейін тай бәйгесі мен көкпарға ұласты.

Жолдыбай ДӘМЕТОВ,
«Мойынқұм таңы».



ҮЛКЕНГЕ ДЕ, КІШІГЕ ДЕ БІРДЕЙ БОЛҒАН ӘЛТАЙ КӨКЕМ

Әлтай көкем ауылға келсе ұй қалдырмай амандасып, ағайын туыстың жағдайын білмей дамып таппайтын. Тамақ асамыз дейтін кісілерге аса бер келімін деп түннің бір уағы болса да келіп ауыз тиіп кетіп жататынын бүкіл ауыл біледі. Үлкен демей, кіші демей, әзіл-халқыңы жарасып жүретін адам екенінің куәсіміз.

Мен 1977 жылы училищенің 3-ші курсында жүріп үйленіп алдым. Сол жылы жұбайым Жұмақұл екеуіміз көкеміздің мал төлдету сақпанына көмектесуге бардық. Бізбен бірге көмекке ауылымыздың ақыны, термеші Әділқожа Мұртазаев, ауылымыздың жетандай әнішісі, механизатор Иген Қораласов және механизатор өзіндік әншілігі бар менің жездем Аханқожа Әбдірасілов бірге болды. Сақпаншы бола жүріп, көрші малды ауылдарға концерт беріп кешікісін көңілді демалатынбыз. Сондай кездерде көкеміз бізбен бірге жүріп, балаша қуанып, қолдап жүретін. Менімен жасты қызы Майра және келіншегім Жұмақұлде ән айтуға бейім еді. Әр кеште үйде тамақтан кейін әрқайсымызға ән айтқызып дем алатын.

Мен туған қойларды бөлек жаяын. Бір күні көршілес мал бағып жүрген Шоң қырғыз деген кісімен малымыз қатар жатқан. Екеуіміз

әңгімелесіп жатып ұйықтап кетіпін. Оянсам екі жақтың қойлары қосылып кетті. Содан қосылған қойды айдап біздің қораға алып келдік. Келсек көкем ауылға кетіп қалған екен, біздер көп малды танымаймыз. Танығандарды алып, қалғанын Шоң қырғыз өзіне айдап кетті. Ерtesіне көкеміз келіп, малды түгендесе, он шақты қой жоқ. Содан бір-бір атқа қонып, Шоң қырғыздың ауылына жол тарттық. Барсақ біздің іздеген қойларымыз үшті-күйлі жоқ болып шықты. Сонда да көкем ешқандай реніш білдірместен ештеңе етпес малдың орны толар деп, ары қарай жұмысқа кірісіп кеткен жағдайымыз бар. Басқа адам болса мал төлеп шығар едім ғой... көкеміздің пейіліндей пейіл, көңілдей көңілді еш адамнан көрген емеспін. Әпкеме жездем сай деп Тілеуқұл апамыз сай қосылған. Көңілі ашық, дастарханы берекелі, үйден қонақ үзілмейді. Жұды жайсаңның барлығы осы үйге келгісі келіп тұрады.

1986 жылы совхозқа кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайландым. Менімен қатар Ақылбай досым бас экономист болып тағайындалды. Әділқожа ағамыз директордың коммерция жөніндегі орынбасары, совхоздың жұмысымен бірге қоғамдық жұмыстарда қатар өрбіді. Ауданның өнер жағынан намысын бірге

қорғаймыз. Көкеміздің жаз жайлауы Байқара, Жамбыл тауларындағы Ақбақы кенішінің жанында, жаз айларында малшыларды аралап, бас мамандармен бірге жүреміз. Сондай бір сәтте Ақылбай екеуіміз Әлтай көкеміздің жайлауына бірге бардық. Автоқлуб, автолаука бірге жүреді. Кино көрсетіп, сауда жасап, малшылар бір демалып қалатын кездер ғой шіркін. Ақылбай екеуіміздің әніміз бен күйімізді сағынған көкеміз әбден көңілденіп сендерге таудың төбелерінен ат беріп картаға енгіздіреміз деп қос бұлбұл Асылхан мен Ақылбайдың асуы деген ат беріп, оны тасқа қашап жазып, тойлағанымыз есіміде. Сол жерге аудандық автожол мекемесінің бастығы Бауыржан Үсенов келе қалды да, көке асуды өз балаларыңызға бере берсіз бе десе, Бауыржан саған да бір асу деп таудың асуларын меншіктеп таратып жүретін. Айта берсек Әлтай көкем туралы естеліктер таусылмайды. Әлтай көкеме Алладан рахым! Пайғамбардан шапағат болсын.

Асылхан ШҮҢІРЕКОВ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері.

МАҚТАНУДЫ БІЛМЕЙТІН ЖАН ЕДІ

Мен «Талдыөзек» совхозының белгілі шопаны, марқұм Әлтай Төлепбергеновпен 20 жылдай бірге қызмет істедім. Ол кісінің адамгершілігі, адалдығы, парасаттылығы, мейірімділігі мол еді. Бүкіл ауыл ол кісіні атымен атамайтын, көке дейтін. Бұл елге істеген жақсылығы шығар деп ойлаймын. Мен де ол кісіні көке дейтінімін. Әлтай ағаның жұмысқа деген құлшынысы, туған жерге деген махаббаты ерекше болатын. Ашуланғанды білмейтін кісі еді. Басшылар малдың жағдайы туралы теріс пікір айтып жатқанда бір ауыз жауап қатпайтын. Тек балалар енді туралаймыз, жөндейміз деп шығарып салатын. Дастарханы мол, қай кезде болса да жайуылы тұратын. Зайыбы Тілеуқұл женгіміз екеуі ешкімді алаламай төріне шығаратын. Әлтай аға ауылға бір-екі айда бір келгенде ауылдағы кемтар жандарға, ауырған кісілерге міндетті түрде кіріп шығатын. Үйлерінде жетім-жесірлер, жағдайы жоқ жандар болса бір мал атап кететін, қалтасында ақшасы болса беретін. Ерекше жомарт жан болатын. Әлтай аға өзара қырғы-қабақ болған ауылдастары арасында бітімгершілік жасап, татуластыруға шебер болатын. Ол кісі араласқан соң қандай дау болса да онды шешілетін. Ауылдағы шопандардың алды болды. Отарындағы әр жүз аналық бастан, 150-170-тен қозы алатын. Әлтай аға мақтануды білмейтін, өте қарапайым болатын. Он баласының барлығына бірдей қарайтын. Олардың түгел жоғары білім алуына жағдай жасады. Қазір ұлдары-қыздары өмірде өз орындарын тапқан. Әлтай ағаның алған марапаттары көп. Ауылдағы жайлаудағы той-думанда тілінің мүкістігін елемей ән салатын. Әлтай аға 1991 жылы дүниеден өтті. Ауылдастары оны ардақтап, арулап шығарып салдық. Ауылда оның есімі бір көшеге, мектепке берілген.

Бодаубек ЖҮНДІБАЕВ,
Қылышбай ауылдық ардагерлер
кеңесінің төрағасы.

ӘКЕМ ТУРАЛЫ АЙТСАМ

Әкем – Әлтай Төлепбергенов, бір ғасыр бұрын дүниеге келген, қарапайым қойшы болғанымен, өте биік рухты, үлкен адамгершілік иесі еді. Ол кісінің өмірі – жай ғана күнкөрістің емес, шынайы еңбек пен адал маңдай тердің тарихы.

Қара жердің шаңын жұтып, қысы-жазы дамылсыз мал баққан әкеміздің еңбегі – тасқа түспеген шежіре, бірақ жүрекке жазылған өмір. Көй соңында жүрсе де, ойын асқақ ұстады. Ол ауылдың тіршілігіне тірек, балаларына қамқор, еліне кәдірлі азамат болды. Бір сөзбен айтқанда, қолында таяғы, жүрегінде елге деген махаббаты бар қазақтың нағыз далалық болмысы еді.

Ол кісінің қолының жылы мен сөзінің салмағы әлі күнге дейін менің жанымда. Бізге қалдырған байлығы – қорадағы мал емес, адал еңбектің қадірін түсіндіре білген тәлім. Қарапайым қойшы бола тұра, оның аты ел есінде қалды. Бұл – оның еңбегінің шынайылығының дәлелі.

Балаларға тәрбие бергенде, ол көп сөйлемейтін. Үндемей жүріп-ақ үйрететін. Оның әрбір ісі – өнеге, әрбір әрекеті – сабырдың үлгісі, сол сабыр мен тәзім бізге қанмен сіңді. Әкем елдің бөлшегі жасар деп білді. Оларды рухани бай, білімді, отансүйгіш етіп тәрбиелеуге өмірін сарп етті. Ол сол ауылдың рухани әкесі, кеңесшісі, ақылшысы болатын. Көптің тілеуін тілеп, ешкімге ауыр сөз айтып көрмеген адам еді. Оның қарапайымдылығы – ең үлкен асылдығы болды.

Бұл мекен – әкемнің өмір сүрген, еңбек еткен, тер төккен орны ғана емес, біз үшін қасиетті мекен. Оның әрбір қабырғасы – естеліктерге, оның әрбір бұрышы – әкемнің аурасына толы. Сол орынды басқан шапша оның жүзі елестеп, сөзі құлағыма келеді. Оның атында бүгінде мектеп бар, музей бар. Ол білімнің ғана емес, рухтың да ордасы. Бұл – елдің оған деген құрметі мен ризашылығының белгісі. Мұндай құрмет – әркімнің маңдайына бұйырар бермейтін бақ. Ал мен үшін – бұл мақтаныштың ең биік шыңы. Осындай әкеңің перзенті болу – баға жетпес бақыт.

Бәлкім, біз дүниеге келгенде, ол кісінің жасы біразаға келіп қалған болар. Бірақ мені таңғалдыратыны – сол жаста да ол кісінің жүрегіндегі махаббат, мейірім мен жауапкершілік сөнбеген. Әр баласына бөлек көңіл бөлетін. Ешкімді балды-жармайтын, ешқашан дауыс көтермейтін. Әкеңің бай-салдылығы мен аңанын мейірімін қатар ұстастырған ерекше тұлға еді.

Әкем туралы естеліктер айту – шексіз әңгіме. Ол – бір күлдік емес, бір ғасырлық құрмырдың иесі. Оның өмірі – қарапайымдылық пен ұлылықтың үйлесімі. Өз ортасында сыйлы, отбасында қадірлі, қоғамда құрметті болған жан.

Ұлы Балтабай ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ,
Тараз қаласы.

ҚҰРМЕТ

Бірлік ауылының спортсүйер жастары мен ардагер ұстаздың шәкірттері ұйымдастырған «Ұстазға – тағзым, спортқа – құрмет» атты бұл мерекелік шара ел арасында үлкен серпіліс тудырды. Мерейтой иесі – Мойынқұм ауданының «Құрметті азаматы», ардагер ұстаз, Қазақ күресінен Қазақстанның спорт шебері, спорт ардагері, VII Қысқы Азия ойындарының алаугері Ерқадыр Әбдіғапарұлы Жұмабаев. Ардагер ұстазымыздың 70 жылдық мерейтойына арналған қазақ күресінен облыстық жарыс өтті.

«Адам өз өмірінің сәулетшісі, кемел жасқа жеткенде еңбегінің жемісін көреді» – деген сөздер ардагердің өмірлік ұстанымын айқындағандай болды. Мерейтойлық шараның шымылдығы жүргізушілердің жүрекжарды жырмен өрілген жылы лебіздерімен ашылып, қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Шараға кеш қонақтары мен ауыл тұрғындары салтанатты рәсімге келген мыңға жуық қонақтар куә болды.

Алғашқы сәтте Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалып, шараның ресми бөлігі басталды. Жүргізушілер ардагер ұстаздың өмір жолын, ерен еңбегі мен шәкірт тәрбиелеудегі үлесін тебірене айтып өтті.

Жарыстың ашылу салтанатында Мойынқұм аудан әкімінің орынбасары Мейірхан Төлеулиев ізгі тілегін айтып жас палуандарға сәттілік тіледі. Тілек барасында кеш иесіне Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігінің «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісін тағып, министрліктің құрмет грамотасымен марапаттады.

Тайлақбаев және өзге де достары тілектерін білдіріп, қазақи шапандарын жапты.

Ауыл халқы сыйлап жақсы көретін 70-ке толған спортшы балкердің бірліктік шәкірттері де шет қалмай ұстазына тұлпар мінгізіп, шапан жапты. Бұл не деген сый десеңіші? Мұндай игілікті іс ұстазына деген құрмет пен қошеметті мен көрмеппін.

Бірлік ауылының бірлігі біздің басқа ауылдарға үлгі болса, қуанар едім. Негізгі мен бұрынғы Көктерек, қазіргі Бірлік деп аталатын көрші ауылдың бірлігін бұрыннан еститінмін. Оған тағы бір дәлел халықтың бүгінгі көңіл-күйі маған әсер қалдырды.

Қызығы 70-ке келген спортшыны құттықтауға таласқан қонақтардың арты көрінбеді. Құттықтаулармен тілектер артынан өзіміздің жерлес ақынымыз Болатбек Әбішев той иесіне өзінің сия-сы кеппеген арнауын мәнерлеп оқып, сыйлады.

Қасиетті Мойынқұмның түлегі, Халқы оны жас кезінен біледі. Жетпіс жасқа толып отыр Ерқадыр, Қазағым деп соққан ылғи жүрегі.



Мерейтой иесінің еңбек еткен ұжымы – Қ.Рысқұлбеков атындағы орта мектебінен келген ұстаздары мен бүлдіршіндері өздерінің жүрекжарды лебіздерін әнмен, бимен және өлеңмен жеткізді.

3-сынып оқушыларының орындауындағы «Кең байтақ дала жеріміз» әні мен 4-сынып қыздарының «Қазақ қыздары» биі көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Мектеп оқушылары Айлина Нұрпет, Әсел Бөрібай, Димаш Кенжебек, Інжу Райқұл және Камилә Сенбай жыр шумақтарын арнап, ұстаз еңбегін жырға қосты. Балалар «Азия алаугері», «Құрметті азамат», «Спорт шебері», «Ардагер азамат», «Ардагер спортшы», «Қазақстан ұстазы» деген ісмерлік жолмен өздері қолдан жасаған медальдар тақты. Оқушылардың мұндай әрекеті елді сүйсіндірді.

Артынан мектеп ұжымының атынан директордың орынбасары Жанат Байқоңырова тілек пен лебізін білдіре келе ардагер мен ауыл тұрғындары алдында бала тәрбиесімен аянбай ұжым болып жұмысты жалғастыруға уәде етті.

Мерекелік кеш барысында сөз кезегі ауыл және аудан басшыларына берілді. Бірлік ауылдық округінің әкімі Оспанов Қуаныш Мәлібекулы, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Иманалиев Мұратхан Тоғайұлы, аудан әкімдігі денешынықтыру мен спорт бөлімінің басшысы Қалдыбеков Мерей Бектібекулы және аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды ұйымдастыру орталығының директоры Жұмағұлов Темірхан Әділханұлы құттықтау сөз сөйлеп, Ерқадыр Әбдіғапарұлының ел спорты мен жас ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесін жоғары бағалап ауданның 60 жылдық мерейтойлық төсбелгісін тағып, артынан сый-сияпатын көрсетті.

Ауыл ақсақалдары – Кеңес ата, Қанжарбек ағай және Кемпірбай аға ақ баталарын беріп, ұзақ ғұмыр, амандық пен ел тыныштығын тіледі.

Кеш барысында Ерқадыр ағайдың әр жылдардағы достары мен әріптестері де жан-жақтан арнайы келіп, өз лебіздерін білдірді. Шу ауданынан келген қонақтар қатарында тазквандо федерациясының төрағасы Марат Тілеуқұлов, еркін күрестің бас жаттықтырушысы Болатхан Оспанов, ардагер спорты Айдархан Әбдиев және ардагер ұстаз Қалима Кенжеғұлова, Клуб меңгеруші Лидия Бірімқұловалар елден тыс қалмады. Сонымен қатар Мұхан Сыбаров, Болатбек Әбішев, Шахикерім Исабеков, Еркетай Маупасов, Раушан Жетібаева, Қанжарбек Әбдірашев, Нәзімхан

Жетпіс жасқа келіп отыр Ерекем, Құтты болсын юбилейің, мерекен! Ойлап тұрсам өзің жайлы айтылар, Жақсы сөздер соншалықты көп екен.

Атансақ та шымыр бала мектепте, Қосылмадық бұзықтарға, тентекке. Күрескеннің бәрін жығып шетінен, Танылғансың, осылайша, Сен көпке.

Әуел бастан спортты, ия, қаладың, Және оны денсаулыққа баладың. Басшы болдың спорт, орта мектепте, Қашандағы сәтті жүріп қадамың.

Сөзсіз, қазақ күресінің тарланы, Өзі болса, палуандардың арланы. Шындығында, Жұмабаев Ерқадыр, Шәкірттердің қол жетпейтін арманы.

Шәкірттері тәрбиелі, иманды, Әр ауылдан, әр өңірден жинады. Ұстаздарын мойындап да бағалап, Ерекше бір құрметтеуді ұйғарды. ...

Палуандарға тілейік біз сәттілік, Ерекеннің атақ-даңқын арттырып. Бәрі-дағы жеңімпаз боп атансын, Кеудесіне алтын медаль тақтырып.

Өмір деген тоқтамайтын бір ағыс, Ұмытылмас, есте қалар бұл жарыс. Ал, жарысты, ұйымдастырып отырған, Шәкірттерге көп рахмет, мың алғыс!

Бүгіндері қайраткерсің, тұлғасың, Есімдің бүкіл елің жырласын. Басың аман, деңің сау боп Ерекем, Сәлем берсін, ғасыр жасың, жүз жасың!

Таусылмасын ырыс, нәсіп, берекең, Өтіп тұрсын әр юбилей-мерекен. Біз өзіңмен мақтанамыз қашанда, Азияда алаугері – Ерекем!

Мерекелік шараның соңы қазақ күресінен 2009-2010 жылдары тұған жасөспірімдер арасында 5 салмақ дәрежесі бойынша және ересектер арасында түйе палуан сайысы облыстық ашық турнирмен жалғасын тапты.

Жас палуандар боз кілем үстінде бақ сынап, мерейтой иесінің спорттағы жолын жалғағандай әсер қалдырды. Жарыс көрерменге ерекше рух, жігер және мерейлі көңіл сыйлады. Жарысқа Күмзек, Мойынқұм, Құшаман, Бірлік, Биназар, Шығанақ, Шу, Тәтті, Құлан, Тараз, Меркі ауылдарынан жалпы 100-ге жуық палуан қатыстырылды. Орын алған палуандар арнайы грамота, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

2009-2010 жылдары туған жасөспірімдер арасында 5 салмақ дәрежесі және ересектер арасында түйе палуан сайысы екі категорияда өтті. Ересектер



арасында түйе палуан жарысында Ерқадыр ағайдың қырықты алқымдаған, елуге жакындаған бұрынғы шәкірттері күресіп, 1-орынды Асқар Ұлмаханов (150 000 теңге), 2-орынды Берік Қоженов (100 000 теңге), 3-орынды Қыпшақов (50 000 теңге) иеленді. Оларға Жұмабаев Ерқадыр Әбдіғапарұлының аты жазылған арнайы белбеулер мен медальдар табысталды.

Ал үлкен түйе палуан сайысы облысқа, республикаға аты шыққан атақты палуандар арасында өтті. Бұл сайыс бойынша 1-орынды Жұмаділдә (Жұмадулла) Оңалбай (200 000 теңге), 2-орын Нұрслам (Нұрлан) Қырғызбек (150 000 теңге), 3-орынды Қуаныш Райымқұл (100 000 теңге) иеленді.

Осындай игі іс-шаралар – ескеңең ұрпаққа өнеге, ел рухын көтеретін мерейлі оқиға. Бірлік ауылының халқы, ұстаздар қауымы мен шәкірттері ардагер ұстаздың 70 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өтіп, ұлағат пен ізеттің үлгісін көрсетті. «Ұстазға – тағзым, спортқа – құрмет!» деген ұранмен өткен бұл шара жүректерде ұзақ сақталары анық.

Жалпы бұл мерейтой иесіне келетін болсам, Жұмабаев Ерқадыр Әбдіғапарұлы 1955 жылы Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылында дүниеге келген. 1979 жылы Қазақ физкультура институтын бітірген қазақ күресінен «Қазақ спорт шебері». Орта мектепте дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, спорт мектебінің директоры, жоғары дәрежелі жаттықтырушы-педагог болып 40 жылға жуық абыроймен еңбек етті.

Еңбек жолын 1979 жылы Мойынқұм ауданының Ұланбел ауылындағы

М.Әуезов атындағы орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып бастаған. Ерқадыр Жұмабаев 1984 жылдан Бірлік ауылындағы орта мектепте және спорт мектебінде еңбек етіп зейнетке шықты.

Ерқадыр Әбдіғапарұлының 1979-1984 жылдары қазақ күресіне баулыған шәкірттері, кезінде Мойынқұм жерінде өткен, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ж.Қуанышбаев атындағы республикалық турнирлерде үздік нәтижелер көрсетіп келді. Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Рысманпаша Шанлақбаевтың шәкірті. Ол 1984 жылы Бірлік ауылында жаңа ашылған №2 балалар мен жасөспірімдер мектебінде директорлық қызметте болды. 1991 жылы Биназар ауылы О.Жандосов атындағы орта мектебіне директор қызметіне тағайындалып, осы басшылық қызметтерді абыроймен атқара білді. 1996 жылдан Бірлік ауылы Қ.Рысқұлбеков атындағы орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі және қазақ күресінен үйірме жұмыстарына жетекшілік етіп, нәтижелі еңбек етті.

Ерқадыр Әбдіғапарұлы еңбек еткен 1979-2018 жылдар аясында білікті ұстаз ретінде мұғалімдік қызметті жан дүниесімен педагогқа тән қасиеттерді бойына жете сіңіріп, жоғары кәсіби шеберлігін шыңдап, білім берудің мемлекеттік стандарттарына сай сабақ берудің жаңа әдіс-тәсілдерін ұштастырып, дене тәрбиесі, ауыл спортының дамуына зор үлесін қосып, нәтижелі жетістіктерге жеткен кәсіби маман.

Шәкірттері Азия жарыстары, Қазақстан біріншіліктері республикалық, облыстық жарыстарда жоғары нәтиже көрсете білді. 2017-2018 оқу жылы Е.Жұмабаевтың спорт, білім саласындағы көп жылғы нәтижелі жұмыстары жоғары бағаланып, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жобасы аясында жинақталған білім «OZATTAR» - Қазақстан саласы үздіктерінің энциклопедиясына енгізіліп, «Қазақстан ұстазы» төсбелгісімен марапатталды. Осындай жетістікке Мойынқұм ауданы мұғалімдері арасынан бірінші қол жеткізген ұстаз, жаттықтырушы педагог. Қазақстанның дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған Мойынқұмның түлегі Ерқадыр Жұмабаев осындай жан. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы еңбегі жоғары

бағаланып, ҚР Президентінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған. VII Қысқы Азия ойындарының алаугері және осы



ойындарға арналаған тарихи кітапқа аты жазылған.

Жамбыл облысының «Ұлағатты ұстаздар» және «Жамбылдың спорт жұлдыздары» кітаптарына енген. Қазақстан Республикасы «Дене шынықтыру және спорт» дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің, «ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы», «ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» медальдарының иегері, оған «Мойынқұм ауданының Құрметті азаматы» атағы берілген.

Әрине, Жұмабаев Ерқадыр Әбдіғапарұлына көптеген аудан зиялылары мақалалар мен өлеңдер арнаған. Сол мақалалар мен өлең-жолдарын айтатын болсам, ардагер ұстаз жайлы Қалибек Шайжанның «Алаугер», «Ел сыйлаған Ерқадыр», Сайт Райымқұловтың «Ойлаған қазақ намысын», «Өткен күндерден естелік» атты жыр-шумақтары және Қабилан Көрпебаевтың «Елдің атын ер шығарды» мақаласы жарық көрген. Оған қоса Мойынқұм ауданының 60 жылдығына орай шыққалы жатқан аудандық «Құмды дала ұлдары» атты тарихи, ақпаратты-танымдық кітабына енді. Бұл кітап Мойынқұм ауданының спорт тарихы мен елдің салауатты өміріне тікелей әсер еткен азаматтар туралы туындыға ұстаздың өз үлесі де бар. Өйткені Ерқадыр аға тұнған тарих және ауданның тірі спорт архиві.

Ауданымыздағы жастар мен жасөспірімдерді спортқа баулып, тәні мен жаны сау болашақ жастарды тәрбиелеуде, әрбір шәкірт санасына отансүйіштік, патриоттық рухты сіңіруде 90-шы жылдардағы заманның жоқшылығына қарамай өз міндеттерін барынша қолда бар мүмкіндіктермен атқарып келген спорт шебері Ерқадыр Әбдіғапарұлы ел арасындағы бұқаралық спортты дамыту мен жоғары деңгейдегі спортшыларды даярлауға көп көңіл бөліп келді. Жалпы Ерқадыр ағаны мен әке десем болады. Өйткені бұл кісі менің әке-шешеммен жеті жылдық мектептен кейін аудан орталығында бірге оқыған және әлі күнге дейін араласып тұрады.

Мойынқұм спортының іргетасын қалаған, аудан спортының сара жолын салып, даңқын шығарған, Ерқадыр ағайға ұстаз болып жол көрсеткен Рысманпаша Шанлақбаев, Тәңірберген Атабеков, Мұхамметәлі Хасенов, Пернебек Бекболтаев, Қалан Дәулетбеков, Болатбек Әбішев, Насыр Берсебаев, Сәрсен Ибраев, Сапар Бөкенов, Сейдахмет Жұмалиев, Камал Давыдов, Халық Еспаев сынды тәлімі зор ағаларын үнемі айтып жүреді. Спорт ардагері ретінде кейінгі жастарға Мойынқұм спортының тарихында қалған азаматтарды еске алып, «Өткенді білу парыз» деп ұрпақтар сабақтастығын айтып, жазып жүр.

Мен Ерқадыр ағайдың қаламындағы

бұл жазуларын газет журналдардан оқып жүрдім, және спорт туралы зерттеп, қағазға түртіп жүрген санаулы азаматтардың өзі екен.

Жұмабаев Ерқадыр Әбдіғапарұлы өзінің «Қазақтың атақты палуан батыр ұлы Қажымұқан бата берген елміз», «Спортшылар жанұясы», «Жастарды ойласақ, спортқа да көңіл бөлейік», «Жастар мәселесіне ерекше көңіл бөлу – құптарлық іс», «Спорт – өркенді елдің нұсқасы», «Рысманпаша атын сұрап тұрғандай», «Саңлақ спортшылар еді...», «Сарғайған суреттің сыры», «Спортшылардың бағын жаққан Жазата», «Жазатадан бата алған балуан», «Бір суреттің сыры», «Әбілсейіт Айханов – қазақ күресінің қара нары», «Еліне қадірлі ардагер» және тағы басқа мақалалардың авторы.

Есімі ел аузында жүрген жұртына сыйлы Ерқадыр Әбдіғапарұлы Жұмабаев туралы баспасөз бетінде аз жазылып жүрген жоқ. Оның білім саласындағы атқарып жүрген игі - істеріне, спорттағы жетістіктеріне куәгер көп. Адамның мәртебесі білім-білік, ой-сана дәрежесіне, кісілік, әдептілік, мәдениетіне, тәлімгерлік өнегесіне, ұшан-теңіз тындырған еңбегіне, елге жасаған қызметіне қарай өлшенеді. Ерқадыр Жұмабаев арысздықтан аулақ жүретін, парасатты, көп сөзге жоқ, айтқанынан қайтпайтын қайсар, жақсы көрген адамына жаны қалмайтын жан. Үлкенге іні, кішіге аға бола білетін кішіпейіл, ұстаздық іске шын берілген, шынайы болмысымен танылған ұлағатты ұстаз. Ол барлық саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаса, аудандағы қазақ күресін бір

адамдай алға сүйреп, ауданның атақ даңқын аудан, облыс, республика көлемінде жарыққа шығарып жүрген кәсіби жаттықтырушы.

Ауданымыздың мақтанышы болған қазақша күрестен жауырыны жерге тимеген, түйе палуан атағын ешкімге бермеген Шанлақбаев Рысманпаша марқұмнан көп тәлім тәрбие алса, қазақ күресінің қыр сырын сол кісіден үйренді. Тынымсыз жаттығу, төгілген маңдай тер жемісін берді. «Шәкірттің жақсы болуы ұстазынан» деген ол аз уақытта республика көлеміндегі жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болып, 22 жасында (1977ж) Қазақстан спорт шебері атағын алды. Спорт әлемінде танымал тұлғаға айналып елмен тіл табыса білетін, білікті де іскер, шебер ұйымдастырушы.

Еңбекжор шаршап шалдығуды білмейтін, уақытпен санаспай қазақ күресін өрге сүйреп жүрген кәсіби майталман жаттықтырушы. Қазақ күресінің мәртебесін республика көлемінде танымал етті. Ерқадыр Әбдіғапарұлының шәкірттері Ж.Аманов, Р.Мұраталиев сияқты шәкірттері Қазақстан спорт шебері атағына ие болса Е.Маринов, Е.Тоғбаев спорт шеберлігіне үміткерлер. Ал Д.Омаров, А.Әлімбетов, М.Қашкенов республикалық жарыс жүлдегерлері. Ерқадыр Жұмабаевтың қазақ күресін дамытуға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Бәрін айтып тауыса алмайсыз. Тек соңғы еліміз тәуелсіздік алған 21 жылда ол 3 Қазақстан спорт шеберін, 5 Қазақстан спорт шеберіне кандидат 250-ге жуық 1-2 дәрежелі палуандар дайындап шығарды. Бұл керемет жетістік.

Ерқадыр аға жаны жайсаң, бойында көп өнері бар жақсы азамат. Ауданымызға спорт жөнінен еңбегі сіңген республика, облыстық жарыстарда күрестен бірнеше рет жеңімпаз атанған танымал спорт шебері. Бірнеше аттары әйгілі палуандарды тәрбиелеп шығарған.

Ерқадыр аға жұбайы Фатима Базарбековамен 2 ұл тәрбиелеп 10 немере бағып өсіріп келеді.

Мойынқұм елі ер деп санаған, ер деп қадірлеген Ерқадыр Жұмабаев аңыз адамның бір өзі.

Спорт пен ұстаздықты ұштастыра білген, адал еңбегімен толағай табысқа жеткен Ерқадыр Әбдіғапарұлының Мойынқұмның бағына біткен адал азамат, жақсы жан деп білем.

Сәкен МҰХАТАЙҰЛЫ,
аудандық білім бөліміне қарасты
«Мәңгілік Ел» орталығының
жетекшісі.



АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

(Басы газетіміздің №84-санында)

ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Бұл заманның молдалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, балки, бұзық фиғыл, әл-инсан ғәдду ләма жәһилға хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, біріл-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған маз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар жасил қылады «һай-һой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі әншейін жәһил түгіл, жәһиләләр кібік талап болса, қайда хак сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын һәм ғибраттансын. Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген нысап, құр өзімшлдік һәм әр өзімшлдік - адам баласын бұзатын фиғыл. Растың бір аты - хақ, хақтың бір аты - алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып, ғадәлтпен тәптештеуге керек. Мұндай фиғылдардан күпір қауіп де бар. Және пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссалләм «ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» дегенде сахаба-и карәмләр «бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеуе болар» деп сұрағанда: оның патуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгерілімгең білдіргені мағлұм болады. Бұл күндегі тахсилғулуым ескі медреселер ғұрында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды. Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рушдиялар салынып, жана нызамға айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, ешбір харекетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады. Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз болады.

Дүниенің мәмұрлығы бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе. Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады. Бәлкі, дүниенің ғылымын білмей қалмақтық — бір үлкен зарарлы надандық, ол құранда сөгілген; дүниеде кімде-кім өзіне өзгешелік бермек қасады бірлән малға махаббатын аударған дүние болмаса, ихсанда қолым қысқа болмасын деп һәм өзін біреуге тамғылы болмайын деп, малға махаббатын аудармай, ізгілікке бола халал кәсіп бірлән тапқан дүние емес.

Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән ғылым кәсіп қылмақпыз. Өнер - өзі де мал, өнерді үйренбек - өзі де ихсан. Бірақ ол өнер ғадәлттан шықпасын, шарғыға муафих болсын. Адамға хәліңше ихсанды болмақ - қарыз іс. Бірақ өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес. Моллалар тұра тұрсын, хуsusан бұл заманның ишандарына бек сақ болындар. Олар - фитнә ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері жүкім шарияғатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһл тариқат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал, бұлар адам аздырушылар, хаттә дінге де залалды. Бұлардың сүйгені - надандар, сөйлегені - жалған, дәлелдері - тасыбы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ.

Енді білгіздер, ей, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол алла тағаланың өзінді ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдан болса - өзің ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадәлт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол - құдадың жолы. Ол ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың, ниһаятсыз құдаға тағырып жасил болып хас өзгү құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар?

Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәулет біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «барекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртқа қасиет бітпейді, алла тағала қарайтұғын қалыбына, боямасын ықыласына қасиет бітеді. Бұл айнаға табығандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл ессе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемтікпен өсер.

Құдай тағала дүниені кәмәлатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өніс деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды - әуелі дос көбейтпек. Ол досын көбейтпектің табылмағы өзінің өзгелерге қолыңнан келгенінше достық мақамында болмақ. Кімге достығын болса, достық шақырады. Ең аяғы ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен я қылықпен артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ.

Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі!

Әуелгісі - әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады.

Екіншісі - өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.

Үшіншісі - қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады.

Һәм өзі өзгеше тұтатын демектің түбі - мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдік бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды. Бұл үш түрлі істің жоқтығы адамның көңіліне тыныштық береді. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі - надандық, екіншісі - еріншектік, үшінші - залымдық деп білесің.

Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық,

жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады.

Залымдық - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады.

Бұлардың емі, халлақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадәлт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын... Ол білім, ғылымды құдаға мұқтады болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға мұқтады болсын. Яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылық бина қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және құдай тағала әрне жаратты, бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір зарар шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үміті бар іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Бәлкі, бұларсыз тағат тағат та емес.

Белгілі, құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғәуам былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке иктиһад ләзім, сіздер әрбір ғамал қылсаңыз ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола қасд етіп, ниет етесіз. Ниет оның парызынан хисап, пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссалләмнің хадис шарифі «иннама-л-ағмал, бин-ниет» деген.

(Жалғасы келесі санда)

ЕЛ БОЛАШАҒЫ

ЖАСТАР – ЕЛДІҢ ТІРЕГІ, ҮКІЛІ ҮМІТІ

Бүгінгі жастар – елдің ертеңіне бағыт беретін ең басты күш. Олар – қоғамның қозғаушы тетігі, ұлттың үміті мен мемлекет дамуының тірегі. Ел болашағының кемелдігі жастардың білімділігіне, парасатына және отансүйгіштігіне тікелей байланысты.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда жастарға ерекше қамқорлық көрсетіліп келеді. Мемлекет тарапынан «Жастар практикасы», «Жас маман», «Дипломмен – ауылға», «Жасыл ел» сияқты бағдарламалар жүзеге асуда. Бұл жобалар жас буынның өз қабілетін танытып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына зор мүмкіндік беруде.


Жастар – жаңалыққа құштар,

ізденімпаз буын. Қазіргі заманда ғылым мен технология, кәсіпкерлік пен мәдениет салаларында өз орнын тауып жүрген жас қазақстандықтар аз емес. Олар ел экономикасының дамуына, рухани жаңғыруына, мәдени өрлеуіне өз үлесін қосуда. Жастардың міндеті – атабабадан аманат болған Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтап, елдің өркендеуіне аянбай қызмет ету.

Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімі әрбір жас жүректе нық орнауы тиіс. Сонда ғана еліміз әлемдік өркениет көшінен қалмай, биік белестерді бағындыра алады.

Қорыта айтқанда, жастар – елдің тірегі, үкілі үміті. Білім мен еңбекке ұмтылған жас ұрпақ – Қазақстанның жарқын болашағының кепілі. Ендеше, ел ертеңін сеніп тапсыратын жастарымыз рухы биік, арманы асқақ, еліне адал болса – Тәуелсіз Қазақстанның келешегі кемел болары сөзсіз.

Әлия МАНАРБЕКҚЫЗЫ,
Жастар ісі жөніндегі инспектор.
Бірлік ауылы.



ЕЛ ДАМУЫ –
ЕҢБЕК
АДАМЫНЫҢ
ҚОЛЫНДА

#АдалАзамат

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫН ӨЗГЕРТУГЕ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Көрсетілетін қызметті беруші мекеменің атауы: Қарабөгет ауылдық округі әкімінің аппараты.

Осы қағидалар «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы, 1) тармақшасына сәйкес әзірледі және «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.

Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланады:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін ҚР Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) Жергілікті атқарушы органдардың шешімдері,

сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің жер учаскесіне құқық беру туралы құқықтық актілері;

3) Жер комиссиясы өтініштерді қарауға және жер учаскелеріне құқықтар беру туралы, жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы және су қорының жерлерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы қорытындылар дайындауға ауданның жергілікті атқарушы органының жанындағы алқалы орган;

4) Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган, жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;

Мемлекеттік қызметті аудандық маңызы бар ауылдар, жер учаскесінің орналасқан жері бойынша ауылдық округтер әкімдері жеке және заңды тұлғаларға көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және қолдану мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті

қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік құпиясызді беру арқылы немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісуі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисіне алады.

Көрсетілген қызметті алушының жеке кабинетіне мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе және мемлекеттік қызмет көрсету күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Данияр Кенжебаев,
Қарабөгет ауылдық
округі әкімі аппаратының бас маманы.

МАМАННЫҢ КЕҢЕСІ

ГЕЛЬМИНТОЗ АУРУЫ

Гельминтоз — адамның немесе жануардың ағзасында паразиттік құрттардың (гельминттердің) тіршілік етуінен туындайтын ауру. Бұл дерт әсіресе балалар арасында жиі кездеседі, себебі олар жеке бас гигиенасын толық сақтай бермейді. Гельминтоз ағзаға елеулі зиян келтіріп, иммундық жүйені әлсіретеді.

Жуғу жолдары
Гельминт жұмыртқалары көбінесе ауыз арқылы ағзаға түседі.

Негізгі жуғу себептері:

•Жұылмаған көкөніс пен жемістерді жеу
•Ластанған су ішу
•Ет пен балықтың толық піспей дайындалуы

•Толырақпен, құммен ойнау (балаларда)
•Үй жануарларымен тығыз байланыс

•Қолды жумай тамақ ішу
Ағзаға әсері

Гельминттер ішекте, бауырда, өкпеде, тіпті көз бен миға дейін бара алады. Олар:

•Ағзадағы коректік заттарды (ақуыз, темір, дәрумен) тартып алады

•Ауыт (токсин) бөледі

•Ас қорыту жүйесін бузады

•Иммунитетті төмендетеді

•Аллергиялық реакция тудырады

Гельминтоздың негізгі белгілері

Белгілері құрттың түріне және орналасқан жеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін, бірақ көбіне:

•Іштің ауруы, кебу, жүрек айну

•Табеттің төмендеуі немесе шамадан тыс ашығу

•Әлсіздік, тез шаршау

•Терінің бозаруы, көз астында көгеру

•Қышыну (әсіресе түнде, анус аймағында)

•Ұйқысыздық, тітіркенгіштік

•Балаларда – салмақ қоспау, мазсыздық, тырнақ тістеу

Алдын алу шаралары

•Қолды әрдайым сабындап жуу (әсіресе тамақ алдында және дәретханадан кейін)

•Көкөніс пен жемістерді мұқият жуу

•Ет пен балықты толық пісіру

•Таза, қайнатылған су ішу

•Тырнақты қысқа етіп алу

•Үй жануарларын тұрақты түрде дегельминтизациялау

•Балаларға гигиенаның маңызын үйрету

Жазира ДЖУМЕКЕЕВА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы.

ХАБАРЛАМА

«Қазақстандық Дайсен өнеркәсіптік компаниясы» ЖШС «Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы дамуында орналасқан «Мынарал» алтын кені орнын игеру бойынша тау-кен жұмыстарын жүргізу жоспары» жобасына қатысты «Кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (ЛПНЖ, ТНЖ, Физикалық әсерлер жобасы, ҚББ, ӨӨББ, ТКЖЖ)» бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

«Мынарал» алтын кені Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында, «Мынарал» теміржол станциясынан солтүстік-батысқа қарай 10 км қашықтықта орналасқан. Географиялық координаттары: шығыс ұзақтығы 73°36' және солтүстік ендігі 45°29'. Кен орнынан батысқа қарай 3 км жерде Алматы – Астана – Екатеринбург автожолы өтеді.

Учаскесінің координаттары: 1. 45° 28' 22.00" 2. 45° 28' 29.61" 3. 45° 28' 30.36" 4. 45° 28' 31.20" 5. 45° 28' 31.20" 6. 45° 28' 33.00" 7. 45° 28' 33.00" 8. 45° 28' 42.00" 9. 45° 28' 42.00" 10. 45° 28' 40.00" 11. 45° 28' 33.00" 12. 45° 28' 30.00" 13. 45° 28' 31.46" 14. 45° 28' 32.11" 15. 45° 28' 31.72" 16. 45° 28' 30.95" 17. 45° 28' 30.69" 18. 45° 28' 30.33" 19. 45° 28' 26.00"...

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты-26.12.2025 ж., 15.00, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мынарал а. о., Мынарал а. мәдениет үйі, Салықов көшесі 19. Zoom конференциясына қосылу - https://us06web.zoom.us/j/85493009312?pwd=gbCYT7DmWYVvagfe1TFfQj25mtAGUh.1 конференция идентификаторы: 854 9300 9312 кіру коды: 833889

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz.

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган - Жамбыл облысының экология департаменті, email – zhambyl-ecodep@ecogeo.gov.kz, телефон - 87262512051. Сайт - https://egov.kz/cms/ru/articles/ecology/dep_eco.

Талпырыс беруші «Қазақстандық Дайсен өнеркәсіптік компаниясы» ЖШС бастамашысы 010000, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 55/6 үй, 69. БСН: 241240025132.

Әзірлеуші: Астана қаласы «ЭкоОптимум» ЖШС, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 12, «Меруерт-Тау» БО, 202 кенсе, тел. 8 775 1969728.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаға немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы ТРЖТБПР, Жамбыл облысы, 080006, Тараз қаласы, Абай көшесі, 133А үй, upr.taraz@zhambyl.gov.kz, 87262451503.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: «Мойынқұм таңы» гезетінің басылымында, «Қазақстан РТРК» АҚ телеарнасының эфирінде, сондай-ақ хабарландыру тактасында жарияланатын болады.

Газет аптасына 2 рет сейсенбі,

жұма күндері шығады. Редакция автордың қолжазбасы мен жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Қанатты қалам әлемі»

ЖШС баспаханасында басылады.

Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би 36 Б.

Есеп шот: KZ65601A161000012151, АҚ «Halyk Bank»

Газет Қазақстан

Республикасының Мәдениет

және Ақпарат министрлігінде

тіркеліп, тіркеу туралы

№12952-Г куәлік берілген

(02.08.2012ж. Астана қаласы)



Бас директор - Олжас ИЕНБЕРГЕН
Бас редактор - Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:

"Мойынқұм аудандық

"Мойынқұм таңы" газетінің

редакциясы" жауапкершілігі

шектеулі серіктестігі

Жамбыл облысы,

Мойынқұм ауданы,

Мойынқұм ауылы,

Амангелді көшесі

№68 "Г"

ТЕЛЕФОНДАР:

Бас редактор

2-49-30 /факс/

Бас редактордың

орынбасары 2-14-06

Тілші 2-49-11